

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының кеден қызметінің қызметкерлерін портативтік бейнетіркеуштермен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 171 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 15057 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 1358 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 10.12.2019 № 1358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының кеден қызметінің қызметкерлерін портативтік бейнетіркеуштермен жабдықтаудың заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының кеден қызметінің қызметкерлерін портативтік бейнетіркеуіштермен жабдықтаудың заттай нормалары

р/ с №	Мүлік атауы	Тиесілігі	Ескертпе	Пайдалану уақыты
	Портативтік бейнетіркеуіштер Дербес компьютер	Өткізу пункттері/кеден бекеттері қызметкерлерінің санына байланысты: - 50 адамға дейін – 5 жиынтыққа дейін; - 50-ден 100 адамға дейін – 10 жиынтыққа д е й і н ; - 100-ден 200 адамға дейін –20 жиынтыққа д е й і н ; - 200-ден 300 адамға дейін – 50 жиынтыққа д е й і н . - 300-ден 400 адамға дейін – 40 жиынтыққа д е й і н ; - 400 адамнан жоғары— 50 жиынтыққа дейін Әрбір Мемлекеттік кірістер департаментіне 1 дербес компьютер	Кедендік тексеріп қарауды жүргізуге тартылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдары жұмыскерлерінің әрекеттерін тіркеу үшін Бейнетіркеуіштен аудио- және бейне файлдарын жүктеу және оларды сақтау үшін арналған дербес компьютер	7 жыл